Барлық басқару жүйелер сенімділік теориясы екі негізгі топқа бөлінеді. Ол тоқтаудан кейін қалпына келтірілмейтін және қалпына келтірілетін жүйе болып бөлінеді. Қалпына келтірілмейтін жүйелер дегеніміз – бұл тоқтаудан кейін жөндеуге мүмкіндігі жоқ жүйелерді айтамыз. Ал қалпына келтірілетін жүйелер – тоқтағаннан кейін жөндеу шараларын қолдана отырып, жүйелерді қайтадан іске қосу мүмкіндігі бар жүйелерді айтамыз. Кейбір құрылғыларды ол "қарапайым" немесе "күрделі" болуына қарамастан, элемент деп атаймыз. Элемент $t_0 = 0$ уақыт кезеңінде жұмыс істейді деп алайық, ал уақыт біткенде t ұзақтығымен істен шығу болсын. T арқылы үздіксіз кездейсоқ шаманы - элементтің тоқтаусыз жұмыс істеу уақытының ұзақтығын белгілейміз. Егер элемент t дан аз уақыт бойы тоқтаусыз (істен шыққанға дейін) жұмыс істесе, онда, соған сай, t ұзақтықты уақытта істен шығу болады. Осылайша, таралу функциясы $F(t) = P(T < t)$ t ұзақтықтағы уақытта істен шығу ықтималдылығымен анықталады. Соған сай, t ұзақтықты уақытпен тоқтаусыз жұмыс істеу ықтималдылығы, яғни $T > t$ қарама-қарсы жағдайдың ықтималдылығы мынаған тең $R(t) = P(T > t) = 1 - F(t)$, Сенімділік функциясы $R(t)$ деп, t уақыт ұзақтығындағы элементтің тоқтаусыз жұмыс істеу ықтималдылығын анықтайтын функцияны айтамыз $R(t) = P(T > t)$.

Сенімділіктің көрсеткішті заңының сипаттамалық қасиетіне тқтала кетейік. Сенімділіктің көрсеткішті заңы өте қарапайым және де тәжірибеде туындайтын міндеттерді шешуге ыңғайлы. Сенімділік теориясының көптеген формулалары біршама ықшамдалады. Бұл, осы заңның келесі маңызды қасиетке ие болуымен түсінідіріледі: t ұзақтығымен уақыт аралығында элементтік тоқтаусыз жұмыс істеу ықтималдылығы қарастырылып отырған аралықтың басталуына дейінгі алдыңғы жұмыстың уақытына байланысты емес, ол тек t уақытының ұзақтығына ғана байланысты (белгіленген істен шығулар интенсивтілігінде λ). Қасиетін дәлелдеу үшін оқиғалардың белгісін келтіреміз: A - t_0 ұзақтықта $(0, t_0)$ аралағындағы элементтің тоқтаусыз жұмысы; B - t ұзақтықта $(t_0, t_0 + t)$ аралағындағы элементтің тоқтаусыз жұмысы. Онда AB - $t_0 + t$ ұзақтықта $(0, t_0 + t)$ аралағындағы тоқтаусыз жұмыс. Қолдану процесінде қалпына келтірілетін объектілердің сенімділік көрсеткіштері. Мұндай объектілердің сенімділік көрсеткіштері тек күнтізбелік уақытта ғана есептеледі. Қолдану кезінде қалпына келтірілетін, жөнделетін объектілерді екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жұмыстың белгіленген уақыт аралығында істен шығулар болатын және соған байланысты жұмыста қысқа уақыттық үзілістер болатын объектілер жатады. Осы топтың объектілері үшін дайындық қабілеті - эксплуатация процесінде максималды уақыт бойы жұмысқа қабілетті және қолдануға жарамды жағдайда болу қабілеті үлкен мәнге ие. Екінші топқа белгіленген уақыт аралығында істен шығулар жосықсыз болып табылатын объектілер жатады. Егер бұл объектілерде (жүйелерде) 21 артық элементтер болса, онда олардың бірнеше істен шыққан жағдайда объект жұмысқа қабілетті болып қала береді және міндетті орындау кезінде істен шыққан элементтерді жөндеу жүргізуге болады. Қалпына келтірілетін жүйелерге тоқтала кетейік. Тоқтаудан кейін жүйе қалпына келтірілетін болса онда ол қалпына келтірілетін жүйелерге жатады. Кездейсоқ уақыт аралығында жүйелерде бірінен кейін бірі болатын тоқтауларды тоқтау ағаны дейміз. Тоқтау ағаны екі түрлі әдіспен сипатталуы мүмкін. Ол тоқтау ағынының тоқтау санын анықтаудан тұрады және тоқтау арасындағы үзіліссіз кездесок жұмыс істеу уақыттарын зерттеу болып табылады. Қалпына келтірілетін жүйелердің сенімділік көрсеткіштері ол: Тоқтаусыздықтың көрсеткіштері, жөндеуге жарамдылық көрсеткіштері, бұзылмайтындылық көрсеткіштері және қалпына келтірілетін жүйелердің сенімділіктің комплексті көрсеткіштері. Тоқтаусыздық – керекті уақытқа дейін жүйенің жұмысқа қабілетін үздіксіз сақтайтын көрсеткішті айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шишмарев В.Ю. Надежность технических систем:учебник для студ. высш. учеб. заведений. – М.:Издательский центр «Академия», 2010. –304с.
2. Исембергенов Н.Т. Элементы и устройства автоматики: Учебник. – Алматы:«Бастау», 2009. – 248 с.
3. Шураков В.В Надежность программного обеспечения систем обработки данных: Учебник для ВУЗов. – М.: Финансы и статистика, 1987. – 272 с.
4. Григорьян С.Г. Конструирование электронных устройств систем автоматизации. – Ростов на Дону, 2007. – 264 с.
5. Надежность АСУ: Учеб.пособие для ВУЗов/ Под ред.Я.А.Хетагурова. – М.: Высшая школа, 1979. – 287 с.
6. Аманжолов У.С. Надежность функционирования технических систем: Учебник. – Алматы, 2009. – 248 с.
7. Бекбаев А.А., Сүлеев Д.Р., Хисаров Б.С. Сызықты және бейсызықты автоматты реттеу теориясы. – Алматы: Баспасы ЭВЕРО, 2005. – 328 б.
8. Довбуш, Г.Ф., Хомоненко А.Д. Visual C++ на примерах/Под ред.проф. Хомоненко А.Д. – СПб.: БХВ-Петербург, 2007. – 528с.
9. Фленов М.Е. Библия Delphi. – 2-е изд.,перераб. И доп. – СПб.: БХВ – Петербург, 2008. – 800 с.

10. Сябина Н.В., Аталыкова А.К. Программалау технологиялары. – Алматы: АЭЖБу, 2015. – 94 б.

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Бақытжанқызы Бақшагүлі

«Жаратылыстану» ғылымдарының магистрі

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52

Бұл мақалада кейбір тағам өнімдерінің микробиологиялық және химиялық қауіптілігін бағалау, сонымен қатар тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы бақылау шараларын жақсарту және жетілдіру бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар қарастырылады.

Түйінді сөздер: тағам қауіпсіздігі, ластаушы заттар, микробиологиялық және химиялық қауіп.

ОЦЕНКА МИКРОБИОЛОГИЧЕСКИХ И ХИМИЧЕСКИХ РИСКОВ ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ ЧЕЛОВЕКА

Бақытжанқызы Бақшагүлі

Магистр естественных наук

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются оценка микробиологических и химических рисков пищевых продуктов для здоровья человека, а также выводы и предложений по улучшению и совершенствованию мер по организации контроля в сфере пищевой безопасности.

Ключевые слова: пищевая безопасность, контаминанты, микробиологические и химические риски.

VALUATION OF MICROBIOLOGICAL AND CHEMICAL RISKS OF FOODS FOR HUMAN HEALTH

Bakytzhankyzy Bakshaguli

Master of natural sciences

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article discusses the evaluation of microbiological and chemical risks of foods for human health, as well as the definition of the following conclusions and proposals on improvement of the organization on the control measures in the field of food safety.

Key words: food safety, contaminants, microbiological and chemical risks.

Тағам өнімдерінің қауіпті химиялық факторлары (контаминанттар) шығу тегіне қарай табиғи және оларды өңдеу процессінде түзілген болып келеді. Тағам құрамында кездесетін зиянды химиялық факторлардың жоғары деңгейлері тағамдық уланулар мен тамақтан болатын аурулардың негізгі себебі болып табылады және қауіптіліктің өте төмен деңгейінде созылмалы ауруларды тудырады [1, с. 28].

Жиі кездесетін, шығу тегіне қарай табиғи қауіпті химиялық факторларға мыналар жатады: аллергиялар, микотоксиндер (афлатоксиндер), гистамин, саңырауқұлақтардың токсиндері, токсинді элементтер мен қосылыстар (қорғасын, мыс, мырыш, кадмий, сынап, цианид), тағамдық қоспалар, дәрумендер мен минералдар, контаминанттар (майлы заттар, жуғыш заттар, санитария заттары, бояулар, салқындатқыш қоспалар, суды немесе буды өңдеуге арналған химиялық заттар, зиянкестерді жоюға арналған химиялық заттар).

Енгізілген химиялық заттарға мыналар жатады: полихлорлы бифенилдер (ПХБ) және ауылшаруашылығында қолданылатын химиялық заттар (пестицидтер, тыңайтқыштар, антибиотиктер, өсу гормондары), қаптаушы заттар (пластификаторлар, винил хлорид, сия, желім, қорғасын, қалайы).

Қауіпті тағамдық қоспалар тобына мыналар жатады: өнімнің түсін өзгертетін заттар, технологиялық процестердің жүруін жылдамдататын және жеңілдететін заттар, өнімге иіс және дәм беретін заттар, өнімнің консистенциясын реттейтін заттар, тағамдық өнімнің жарамдылық мерзімін ұлғайтуды қамтамасыз ететін заттар.

Пестицидтер – тағамдық өнімдерді ластайтын химиялық қауіпті факторлардың бірі, себебі олар адам ағзасының әр түрлі мүшелері мен жүйелеріне теріс әсерін тигізеді [2, с.50]. Пестицидтердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсері ластанған сулар, топырақ, тағам өнімдері арқылы беріледі, нәтижесінде созылмалы және жедел улануларға, қатерлі ауруларға, балалардың өліміне және т.б. алып келеді [3, с. 142].

Адам ағзасына ауа, тамақ, су арқылы өте кішкентай мөлшерде пестицидтер түскеннің өзінде ағзадағы биологиялық процестердің жұмысын өзгертеді. Көп жағдайда, пестицидтердің әсерінен жасушалық және гуморальдық иммунитеттің өзгеруі бақыланған [4, с. 230].

Қоршаған ортаның объектілеріндегі, өсімдіктекті өнімдердегі, мал азықтары мен тағам өнімдеріндегі пестицидтердің мөлшерін бақылау пестицидтерді қолданудың жағымсыз әсерлерін болдырмауда маңызды рөл атқарады [5, с. 72]. Алайда, қазіргі кезде санитарлық-эпидемиологиялық бақылау тәжірибесінде пестицидтерді пайдалану кезіндегі қауіптілікті бағалау әдістемелігі жоқ, бұл әдістемелік АҚШ-та, Ресейде нәтижелі түрде кеңінен қолданылады [6, с. 9].

Тағам өнімдерімен байланысты қауіптілікті тиімді бақылау және оны жоюдың кілті үш құрамнан тұратын (қауіптілікті бағалау, қауіптілікті басқару, қауіптілік туралы хабарлау) қауіптілікті талдауды қолдануда екендігі бүкіл әлемде мойындалған [7, с. 9].

Химиялық контаминанттарға нитраттар жатады. Нитраттардың негізгі бөлігі жоғары сапалы тыңайтқыштар түрінде қолданылады. Сондықтан да, жер телімдерін қарқынды пайдаланудың заманауи технологияларын енгізі кезінде азот тыңайтқыштарының рөлі артады. Аммиакты селитраның құрамында 34-34,5 % азот болады және ол ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылатын, әмбебап тыңайтқыш болып табылады. Аммоний нитраты мақтаны, зығырды, темекіні, көкөністерді өсіруде қолданылады [8, с. 44].

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының тағам өнімдерінің негізгі түрлеріндегі және тағамдық шикізаттағы ауыр металдар тұздарының мөлшерін жүйелік бақылау жалпы ұлттық деңгейде жүргізілмейді.

Қоршаған ортаның және тағам өнімдерінің ауыр металдармен (мыс, мырыш, хром, қорғасын, сынап, кадмий) ластануы олардың қалдықтарының өндіріс орындарынан, автокөліктерден шығарылуы есебінен жүреді. Металдардың көп бөлігі қалдық көздерінен 1-2 км шегінде тұнып қалады, ал 10-40%-ы – өндіріс орнынан 8-10 км шегінде [9, с. 419].

Атмосфералық жауын-шашын елді мекендегі ауаның ластанғандығын көрсетеді. Токсинді элементтердің жоғары концентрациясы елді мекендердегі қар жамылғысында кездеседі. Ауыр металдар топыраққа ерімейтін тұздар күйінде түседі. Ауыр металдардың миграциялық қасиеттерінің жоғарылауында өсімдіктер мен мал шаруашылығының өнімдеріне түсетін сулы-еритін органикалық қосылыстар маңызды рөл атқарады.

Металдардың артық мөлшері зат алмасу және метаболиттік процестерде айтарлықтай өзгерістер тудыруы мүмкін, ол организмнің арнайы емес төзімділігінің төмендеуіне, әр түрлі мүшелер мен жүйелердің қызметінің бұзылуына әкеледі. Металдардың әсерінен гемопоэз процесі бұзылады, бұл өз кезегінде, организмдегі иммунодефицитті күйдің өршуіне әкеледі.

Бүгінгі таңда тағам өнімдерінің антибиотиктермен ластануы ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Олар негізінен тағам өніміне ауылшаруашылық жануарлар мен құстарды қоректендіргенде қолданылатын азық арқылы түседі. Тағам құрамында кездесетін түрлі антибиотиктердің адам үшін қауіптілігіне қарамастан, Қазақстан Республикасында тағам

өнімдері мен тағамдық шикізаттың құрамында антибиотиктердің болуын бағалау бойынша мониторингтік зерттеулер жүргізілмейді.

Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (FAO) мен Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының біріккен комитеттері тағам өнімдеріндегі антимикробтық заттардың белгілі бір түрлерін бақылау ұсынылды. Осы уақытқа дейін Еуроодақтың елдерімен салыстырғанда, тағам өнімдерінің контаминанттармен ластануын анықтау әдістемелігінде айтарлықтай айырмашылық бар: біздің елде жұқа қабаттағы хроатографияны және ағардағы диффузияның микробиологиялық әдісін қолданы келеді, бұл әдістер нақты нәтижелер бермейді. Басқа елдерде тағам өнімдерінің антибиотиктер мен микотоксиндермен ластануын анықтауда жоғары нәтижелі сұйық хроматография әдісі мен иммуноферментті талдау әдісі қолданылады [10, с. 37].

Өнеркәсіпте, ғылымда, ауылшаруашылығында, геологияда, медицинада ядролық энергияны қолдану құрамында радиоактивті заттар бар қалдықтардың қоршаған ортаға түсуіне алып келеді. Әдетте, ластаушы фактор – жасанды радионуклидтер. Қоршаған ортаның түрлі объектілеріндегі, сонымен қатар адам ағзасына түсетін радионуклидтердің рұқсат етілген мөлшерінің деңгейі отандық санитарлық заңдылықтар арқылы регламенттеледі. Берілген бақылаудың негізгі формаларының бірі – адамның тіршілік әрекетіне тікелей қатысы бар қоршаған ортаның объектілеріндегі радионуклидтердің концентрациясын анықтау: атмосфералық ауада, суда, топырақта, тағам өнімдерінде, дәрілік өсімдіктерде, темекіде, кен орындарының қалдықтарында және басқаларда.

Генетикалық модифицирленген көздер айтарлықтай жаңа контаминанттар болып табылады. Қазіргі таңда әлемде шамамен 70 млн. га жерге гені модифицирленген объектілер (ГМО-дақылдар) егілген, бұл көрсеткіш егіншілікке жарамды барлық ауданның 15 %-ын құрайды. Соңғы онжылдықта Қазақстанда генетикалық модифицирленген көздер негізінде жасалған азық-түліктік шикізат пен тағам өнімдері қолданыла бастады (соя, асбұршақ, жүгері, канола, картоп, көкөністер, жемістер, шұжық және консерві өнімдері, тағамдық концентраттар, спорттық тамақтану және биологиялық белсенді қоспалар). Жақын арадағы жылдарда Қазақстанда трансгенді мал-азықтық және тағамдық культураларды қарқынды өндіру, олардың мал шаруашылығында, құс шаруашылығында, балық шаруашылығында, тағамдық өнімдер өндірісінде кеңінен қолданылуы күтілуде.

Кедендік қызметте, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарында, ветеринарлық бақылау органдарында, азық-түліктік өнімдерді сертификаттау бойынша территориялық орталықтарда генетикалық модифицирленген организмдер мен тағамдық көздердің табиғаты, олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қарқынды қауіптілігі, мүмкін болатын қауіптілікті бағалау мен бақылаудың заманауи әдістері туралы ақпараттың жеткіліксіздігі үлкен қауіп тудырады. Халықтың едәуір бөлігі генетикалық модифицирленген тағамдық көздер туралы, денсаулыққа әсері туралы білмеуі жағдайды одан сайын күрделендіре түседі. Басқа елдерде генетикалық модифицирленген организмдерді қолдану бойынша белгілі бір деңгейде шектеулер қойылады.

Қазақстанда трансгенді тағамдық өнімдердің адам мен жануарлар организмдеріне әсер ету сипатын бағалау, олардың зияндылық деңгейін бақылау мен бағалау жүйелерін зерделеу, генетикалық модифицирленген организмдерді жасау мен қолдану туралы арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілген жоқ.

Қазақстан Республикасы 1994 жылы биоалуандылық туралы Орхус Конвенциясына (1998 жылы) қосылды. Бұл Конвенцияның бағыттары: адамдардың жағымды қоршаған ортада өмір сүру құқығын қамтамасыз ету, қоғамның ақпаратқа қол жетімділігін жақсарту, халықтың қоршаған ортаға қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдау процестеріне қатысуын қамтамасыз ету. Конвенция БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссияның ұйымдастыруымен өткен «Еуропадағы Қоршаған орта» атты IV конференциясында министрлер деңгейінде қабылданды. Генетикалық модифицирленген организмдерге (ГМО) қатысты Картахен хаттамасы қолданылады, оның негізгі мақсаты – биотехнологияның адам

денсаулығына және қоршаған ортаға жағымсыз әсерінің қауіптілігін максимальды түрде төмендету.

Соңғы онжылдықта әлемде, оның ішінде Қазақстанда да тұтынатын тағамның құрамы мен саны айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Біздің тамақтану рационымызда заманауи технологиялар мен тағамдық қоспаларды қолдана отырып, дайындалған көптеген тамақтану өнімдері пайда болды. Тағам өнімдерінің сапасын жақсарту және оғам адам үшін пайдалы жаңа қасиеттерді енгізу мақсатында жаңа технологиялық әдістердің көмегіне, дәлірек айтқанда, генетикалық инженерияның көмегіне жүгінеді. Құрамында генетикалық модифицирленген организмдер бар заттарды анықтау бойынша сертификатталған әдістер полимеразалық тізбектік реакцияның (ПЦР) көмегімен ДНҚ-ның арнайы бөліктерін детекциялауға немесе барлық типтегі үлгілердегі (шикізат, қоспалар, дайын тағам өнімі) ақуыздарды энзиммен байланысты иммуносорбентті әдістің (ИФА) көмегімен детекциялауға негізделген.

Полимеразалық тізбектік реакция әдісінің тиімділігі ДНҚ-ны анықтаудың басқа да әдістеріндегідей сияқты, ДНҚ-ны бөліп алудың сапалылығы мен тазалылығына байланысты болып келеді.

Осыған орай, Қазақстан үшін де, сонымен қатар басқа да экономиканың ауылшаруашылық секторы дамыған және экологиялық тұрғыдан таза емес аудандары бар елдер үшін тағам өнімдерінің контаминанттылығының (адам организмі үшін қауіпті ластаушы заттардың барлық топтар) қаупі жоғары деңгейде.

Мұнымен қоса, Қазақстанның шығыс аудандарында тағамдық өнімдердің қауіпсіздігін бағалау бойынша арнайы кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ. Тағам өнімдерінің қауіпсіздік деңгейі экономикалық трансформация, әлемдік қаржылық дағдарыс, нарықтық қатынастардың енгізілуі, өндіріс орындарының тағам өнімдерінің қауіпсіздігі экономикалық трансформация, әлемдік қаржылық дағдарыс, нарықтық қатынастардың енгізілуі, өндіріс орындарының көбеюі, оның импортталуы, денсаулық сақтау және бақылау қызметтерінің қайта құрылуы және оңтайластырылуы есебінен өзгеріп отырады. Сәйкесінше мәліметтердің болмауынан, халықтың денсаулығы деңгейін көтеруге қатысты ұлттық бағдарламаларды негіздеу мүмкін болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Раевич Б.А., Гурвич Е.Б. Региональные и локальные проблемы химического загрязнения окружающей среды и здоровья населения // Медицина труда и промышленная экология. – 2005 г. - № 9. – С. 28.
2. Нажметдинова А.Ш. Контаминация пестицидами объектов окружающей среды // Здоровье и болезнь. – 2001 г. - № 2. – С. 50.
3. Куценогий К.П., Кнор И.Б., Алексеев А.А. Пестициды в окружающей среде // СО РАН. ГПНТБ. – Новосибирск, 1994 г. – С.142.
4. Кенесариев У.И., Жакашов Н.Ж. Экология и здоровье населения. – Алматы, 2002 г. – С. 230.
5. Герман И.В. Цитогенетическая активность пестицидов при их гигиеническом регламентировании // Гигиена и санитария. – 1990 г. - № 5. – С. 72.
6. Баканов Ш.А., Жаманшина М.Е. Некоторые аспекты обеспечения безопасности продовольственного сырья, продуктов питания и здоровья населения Казахстана на современном этапе // Здоровье и болезнь. – Алматы, 2008. - № 1. – С. 9.
7. Омарова М.Н., Тотанов Ж.С., Черепанова Л.Ю. Анализ международных подходов в области оценки воздействия стойких органических загрязнителей на здоровье человека и окружающую среду // Гигиена и эпидемиология. – Алматы, 2007 г. - № 2. – С.9.
8. Салиева А.З., Махатова Р.С., Муканов М.К. Нитриты, нитраты, нитрозамины – загрязнители окружающей среды // Окружающая среда и здоровье населения. – 2006 г. - № 2. – С. 44.

9. Яхнин Э.Я., Томилина О.В., Чекушин В.А., Салминен Р. Оценка параметров атмосферного выпадения металлы и радионуклиды // Международная научно-практическая конференция.- Семипалатинск, 2004 г. – С. 419.

10. Каламкарлова Л.И., Багрянцева О.В., Мамонова Л.П. Научные основы безопасности продовольственного сырья и продуктов питания // Здоровье и болезнь. – 2001 г. - № 2. – С. 37.

ШАЯН ТӘРІЗДІЛЕР МЕН БАЛЫҚТАРДЫ ЖАБЫҚ СУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӨСІРУ

Бедаш Владислав Андреевич

Цой Роман Эдуардович

«Құрылыс» мамандығының 2 курс студенттері

Гришаева Ольга Валентиновна

Ғылыми жетекші, б.ғ.к.

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52

Бұл мақалада жабық сумен қамтамасыз ету жағдайында балық шаруашылығының тиімділігінің негізгі себептері анықталды. Балық өсіруге қажетті жабықтардың сипаттамалары, сондай-ақ шаян тәрізділер мен балықтарды ұйымдастыру үшін осы жүйені таңдау себептері келтірілген.

Түйінді сөздер: жабық су жүйесін орнату, аквакультура өндірісі, суды тазалау жүйесі, механикалық сорғыштар, биологиялық сорғыштар, аэрация, термикалық режим.

ВЫРАЩИВАНИЕ РАКООБРАЗНЫХ И РЫБ В УСТАНОВКАХ ЗАМКНУТОГО ВОДОСНАБЖЕНИЯ

Бедаш Владислав Андреевич

Цой Роман Эдуардович

студенты 2 курса специальности «Строительство»

Гришаева Ольга Валентиновна

Научный руководитель, к. б. н.

В данной статье раскрыты основные причины эффективности рыбоводства в условиях установки замкнутого водоснабжения. Даны характеристики оборудования, необходимого для выращивания рыбы, а также причины выбора именно этой системы для организации аквакультурного производства ракообразных и рыб.

Ключевые слова: установка замкнутого водоснабжения, аквакультурное производство, система очистки воды, механические фильтры, биологические фильтры, аэрация, термический режим.

CULTIVATION OF CRUSTACEA AND FISHES IN INSTALLATIONS OF THE CLOSED WATER SUPPLY

Bedash Vladislav Andreevich

Tsoi Roman Eduardovich

students of the second course of specialty "Construction"

Grishayeva Olga Valentinovna

Research supervisor, Candidate of Biology

In this article the main reasons for efficiency of fish breeding in the conditions of installation of the closed water supply are opened. Characteristics of the equipment necessary for cultivation of fish and also the reason of the choice of this system for the organization of aquacultural production of Crustacea and fishes are given.

Key words: installation of the closed water supply, aquacultural production, the system of water purification, mechanical filters, biological filters, aeration, the thermal mode.

Современная аквакультура имеет широкое распространение в различных странах мира, в том числе и в Казахстане. В современном мире ежегодно выращивается более 50

млн. тонн рыбы. Казахстан активно развивается в сфере искусственного выращивания рыбы – объемы продукции растут, достигая 40 тысяч тонн в год. В основном это продукция, полученная при выращивании рыбы в УЗВ [1, с. 2]. В связи с этим проблемы развития данного направления в нашей стране представляют интерес. Актуальным является изучение преимуществ системы УЗВ а также перспективы ее использования в связи с научно-исследовательской работы студентов (далее НИРС) в рамках проекта «Аквакультурное производство африканского клариевого сома (*Clarias gariepinus*) и гигантской пресноводной креветки (*Macrobrachium rosenbergii*) в установках замкнутого водоснабжения».

Ограничения в экологических законах, направленные на рыбоводные заводы и аквакультурные хозяйства, стали причиной быстрого развития установок замкнутого водоснабжения (далее УЗВ). Системы УЗВ широко распространены в рыбном хозяйстве, благодаря высокому и стабильному производству, меньшей заболеваемости рыбы, легкому контролю параметров, влияющих на рост в инкубационных цехах. Благодаря системам УЗВ, отпадает необходимость в размещении рыбоводных заводов возле рек. Их можно располагать там, где есть доступ к чистой воде, не содержащей патогенов. Благодаря таким точным и контролируемым процессам аквакультура позволяет добиться производства качественной, здоровой рыбы для потребления [1, с. 2].

УЗВ – установка замкнутого водоснабжения, применяемая для выращивания гидробионтов. Главной задачей УЗВ является создание оптимальной среды обитания для жизнедеятельности и размножения гидробионтов. Широкое распространение УЗВ получила благодаря ряду преимуществ: 1) экономия земли, 2) круглогодичный бизнес, 3) постоянный микроклимат, 4) автоматизированный процесс выращивания.

За счет возможности располагать УЗВ непосредственно в закрытом помещении, идет экономия земельных объемов. С одного квадратного метра рабочего пространства можно получить 1 тонну рыбы в год и больше.

В отличие от прудового выращивания, где рыба имеет свою сезонность, система УЗВ позволяет весь год без перерывов и задержек поставлять рыбу, а также для обеспечения более выгодной реализации подстраиваться под периоды пикового спроса и наиболее высоких цен.

Система УЗВ не зависит от месторасположения. Все что нужно: помещение, источник воды и электричество. Микроклимат, сформированный в закрытом помещении, является неизменным, вследствие чего УЗВ не зависит от внешних погодных условий и климатической неустойчивости.

В УЗВ работа по культивации рыбы проходит постоянный мониторинг и управляется автоматически. Например, чтобы обслужить систему на 50 тонн в год будет достаточно всего одного оператора [2].

УЗВ представляет собой единую систему элементов, образующих полноценную среду для размножения и жизнедеятельности рыб. Данная система получила широкое распространение во многих странах мира. Использовать УЗВ можно как в крупных промышленных предприятиях, так и в небольших домашних хозяйствах. Это высокоэффективная система для выращивания рыбы в условиях плотной посадки. При соблюдении определенных требований рыба в бассейнах растет круглый год, вырастая, примерно, в 3 раза быстрее.

Любая УЗВ состоит из ряда составляющих, обеспечивающих корректную и грамотную работу всей системы в целом. К таким составляющим относятся: 1) бассейны, 2) механический фильтр, 3) биофильтр, 4) насос, 5) денитрификатор, 6) теплообменник, 7) обеззараживатели, 8) оксигенатор.

Бассейн является одним из главных компонентов УЗВ, потому что именно в нем разводится рыба. Правильный выбор и установка бассейна будут влиять на дальнейший рост и развитие рыбы. Бассейны делятся на 3 основные группы: круглые, прямоугольные и овальные. Наиболее часто используемые на сегодняшний день – круглые бассейны.

Благодаря своей форме, данные бассейны являются особенно удобными и простыми в эксплуатации, а также, за счет отличной циркуляции воды способны к самоочищению.

В процессе работы вода в бассейнах загрязняется и накапливает в себе всевозможные вредные вещества, пагубно влияющих на здоровье рыб. По этой причине вода постоянно циркулирует и из бассейна поступает в механический фильтр, где очищается от остатков жизнедеятельности рыб и других, засоряющих воду частиц. Самым распространенным является барабанный фильтр, за счет его надежности и простоты эксплуатации.

Биологический фильтр занимается очисткой более мелких частиц накапливающихся в воде. К таковым относится аммонийный азот, образующийся в результате разложения остатков корма и жизнедеятельности рыб. Биологический фильтр представляет из себя резервуар с водой, наполненный специальным субстратом, на котором располагаются бактерии, очищающие воду. Предназначен для дальнейшего забора воды и последующего ее очищения. Располагается насос всегда после механического фильтра, чтобы предотвратить разбивание твердых частиц, поступающих из рыбоводных бассейнов.

Денитрификация – это процесс, при котором нитраты и нитриты восстанавливаются до свободного азота, затем впоследствии свободно выделяются в атмосферу. Происходит данный процесс благодаря бактериям, содержащимся в денитрификаторе. По своей сути, денитрификатор является тем же биофильтром, но закрытого типа.

В процессе циркуляции воды в системе ее температура падает. Для поддержания жизнедеятельности и скорости роста рыб необходимо поддерживать оптимальную для этого температуру. Для этого и предназначен теплообменник, к которому подключается горячая вода 80-90 °С, выступая источником тепла.

На этой стадии вода подвергается дезинфекции. Самой распространенной является двухэтапная дезинфекция. На первом этапе вода очищается, с помощью ультрафиолетового облучения. На втором этапе вода обрабатывается озоном, избавляясь от нежелательных микроорганизмов.

Перед тем, как вода поступит в бассейн ее необходимо насытить кислородом. Добавление кислорода в воду достигается путем аэрации, когда происходит обмен газов в воздухе и воде. В обычном состоянии вода имеет насыщение кислородом на 100 %. После прохождения через рыбоводные бассейны значение этого показателя падает до 70 %, а после биоочистки опускается еще ниже. С помощью оксигенатора, путем аэрации, вода насыщается кислородом до 90 % [3].

В рамках НИРС «Аквакультурное производство африканского клариевого сома (*Clarias gariepinus*) и гигантской пресноводной креветки (*Macrobrachium rosenbergii*) в установках замкнутого водоснабжения» после изучения всех процессов, описанных выше, мы планируем приступить к созданию собственного УЗВ. Одним из главных компонентов в системе будут бассейны. От правильного выбора бассейнов зависит последующая эффективность выращивания рыбы. Расчет необходимо начинать с определения формы. Бассейны в основном производятся трех форм: круглые, прямоугольные и овальные. У каждой формы есть свои преимущества, однако предпочтение чаще отдают круглым бассейнам. Такие бассейны имеют способность самоочищения- благодаря улучшенной циркуляции вода в них скапливается в центре, где расположена сливная труба. Бассейны существуют самых разнообразных размеров, выбор зависит от вида выращиваемой рыбы. Например, для клариевого сома, как для донной рыбы, ключевым аспектом является площадь бассейна, а глубина уходит на второй план.

Механический фильтр рассчитываются исходя из пропускной способности и надежности. Основными параметрами являются: 1) размерность ячеек, 2) содержание TSS в воде, 3) площадь барабана.

Биофильтр в УЗВ заполняется специальной загрузкой, которая устойчива к ультрафиолетовому излучению. Основные виды загрузки: 1) пластиковая сотовая загрузка, в виде тонущих матов, 2) пластиковая сотовая загрузка, из трубок, 3) загрузка в виде

плавающих пластиковых гранул. На данной загрузке размножаются колонии бактерий, которые очищают воду от вредных химических веществ.

Насос для УЗВ выбирается из учета количества пропускаемой воды и объема всей системы в целом. Остальные компоненты системы подбираются в связи с особенностями объекта выращивания [4, с. 50].

УЗВ – эффективное предпринимательское решение, по сравнению с прудовым и другими способами выращивания рыбы. Преимущества преобладают над недостатками. Система легка в управлении и контроле всех процессов, происходящих в ней. На сегодняшний день система УЗВ является одним из наиболее выгодных способов создания полноциклического рыбоводного хозяйства. Минимизация воздействия окружающей среды на жизнедеятельность и развитие рыб является весомым преимуществом данной системы, а экономичность делает возможным ее использование в небольших по масштабам производствах.

Список использованной литературы:

1. Брайнбалле Я. Руководство по аквакультуре в установках замкнутого водоснабжения. – Копенгаген, 2010. – 70 с.
2. Fish-agro. – URL: http://fish-agro.ru/fish-agro/what_plus/58-klyuchevye-preimuschestva-hozyaystva-uzv.html (дата обращения 24.11.2017 г.).
3. Fish-agro. – URL: http://fish-agro.ru/fish-agro/what_about/124-tehnologiya-zamknutogo-vodosnabzheniya.html (дата обращения 24.11.2017 г.).
4. Проскуренок И. В. Замкнутые рыбоводные установки. – М.: Изд-во ВНИРО, 2003. – 152 с.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Бектұрған Динара Досанқызы

Сембаева Ляззат Жарасқызы

Жалғасов Нұржан Дарханұлы

*«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының студенттері
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52*

Бұл мақалада судың алуан түрлілігі және оны таңдау әдістері, ауыз суды тұтыну алдында қандай қасиеттеріне мән беру керектігі зерделенген.

Түйінді сөздер: табиғи минералды су, химиялық құрамы, ауыз су, адам, ағза.

ВОДА – ИСТОЧНИК ЖИЗНИ

Бектурган Динара Досановна

Сембаева Ляззат Жарасовна

Жалғасов Нуржан Дарханович

*Студенты специальности «Химическая технология неорганических веществ»
Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В этой статье рассматривается разнообразие воды и способы ее выбора, и что следует учитывать при покупке питьевой воды.

Ключевые слова: природная минеральная вода, химический состав, питьевая вода, человек, организм.

WATER IS THE SOURCE OF LIFE

Bekturgan Dinara Docanovna

Sembayeva Lyazzat Zharasovna

Zhalgasov Nurzhan Darkhanovich

*Students specialty «Chemical technology of inorganic substances»
Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52*

This article looks at the diversity of water and how it is chosen, and what to consider when buying spare water.

Key words: natural mineral water, chemical composition, drinking water, human, organism.

Ауыз судың да алуан түрі бар, тек оның сапасын ажырата білу қажет. Бұл күнде дүкендердегі тауарлардың түр-түрінен көзің тұнады. Сол азық-түліктердің көпшілігін тұтынбасақ да, тіршілігіміз жалғаса берген болар еді, алайда суызыз тіршілік мүмкін емес. Сондықтан сөрелердегі бөтелкедегі, құтыдағы сулардың пайдасы мен зияны туралы ойлануға тиістіміз. Бұл жерде адам сусыз өмір сүре алмайтынын баяндаудың өзі артық. Және су біздің өмірімізді жалғайды!

Сонымен саудаланатын судың сапасын сараптап көрейікші. Мәселен, бөтелкедегі ауыз сулардың этикеткасындағы жазбаларды қалай оқу керек? Және олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттына сәйкес келеді ме? Медицина мамандары адам күніне кем дегенде 1,5 литр су ішуі керек дейді. Көпшілігіміз дүкенге кіргенде ойланбастан, қолымызға бірінші түскен суды сатып ала береміз. Тұтынушы көп жағдайда оның сыртында не жазылып тұрғанына мән бермейді. Сөрелерде самсаған сулардың бәрі бірдей ме? Өз

кезегінде халық арасында мынадай лақап бар. Сатылып жатқан сулардың бәрі бір құбырдан құйыла береді дейді. Бұл сөз қаншалықты шындыққа жанасады? Ендеше қолымызға бөтелкені алайық. Қазақстан Республикасындағы ауыз сулардың регламентінде көрсетілгендей, өндірушілер этикеткаларда судың құрамына сәйкес, міндетті түрде оны жазуы керек және оны тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі комитет қадағалауы тиіс. Тұтынушының ішіп жүрген ауыз суы, адам ағзасына химиялық құрамы, микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері бойынша сай болуын және адам ағзасына зиян келтірмеуі керек. Оған қоса бөтелкенің этикеткасында судың құрамындағы минералдардың кестесі де көрсетілуі керек. Мәселен, келесі кестеден сіздер Ақтөбе қаласында кең тараған ауыз су маркаларының сыртындағы жазуларды толық көре аласыздар. Біздер ауыз сулардың этикеткаларындағы жазуды толығымен оқып, бір кестеде біріктірдік.

1 кесте. Ауыз судың химиялық құрамы

Химиялық құрамы	Ауыз су маркасы						
	Tassay	Хрустальный	Туран	Asu	Алмаз	ДаринаАqua	Вонаqua
минерализация г/дм ³	0,3	0,25	0,7	0,18	0,09-0,17		0,25
Na ⁺ +K ⁺ , мг/дм ³	35			55			10
Na ⁺ , мг/дм ³		20	80	8-14			
Ca ²⁺ , мг/дм ³	43		40	10	6-10	35	15-25
K ⁺ , мг/дм ³		35	0,6			3,8-8	
Mg ²⁺ , мг/дм ³	26		20	3	4-7	15	15-25
HCO ₃ ⁻ , мг/дм ³	175	15	180	50	28-40	134,2	20
Cl ⁻ , мг/дм ³	83	50	70	75	9,5-15		80-100
SO ₄ ²⁻ , мг/дм ³	22	70	40	30		12	10
F ⁻ , мг/дм ³		25	1,2				
Se, мг/дм ³		1,5				70,4	
pH			7,5				
общая жесткость мг-экв/л			2,4	1,0			

Бұл кестені құру үшін біз Ақтөбе қаласындағы супермаркеттерге маркетингтік зерттеулер жүргізіп, кеңінен тараған ауыз суларды қарастырып, кестені сол зерттеулер негізінде құрған болатынбыз, сол себепті, бұл кесте толығымен шындыққа сәйкес келеді. Бөтелкедегі ауыз судың, қарапайым құбырдан алынған кермектілігі ғана ескерілетін ауыз судан айырмашылығы да осыда, оның белгілі бір нормаларымен «Жоғары» және «Бірінші» сортты ауыз суы деп аталуын дәлелдейтін құжаттары да болады. Мұндай сулар өз стандарттарына сәйкес, адамның денсаулығына физиологиялық пайдасы бар әсерге ие болуы керек. Не десек те, әлемде ауыз судың нарығы өсіп келеді. Бұл салауатты өмір салтының сән-

ге енуімен байланысты бұрынғыдан да көкейкесті сипатқа ие болуда. Оған сәйкесінше, судың неше түрі мен маркалары да қоса шығарылып жатыр. Ал тұтынушының міндеті - бөтелкелердің қағазындағы жазуларды жіті оқып, осы біз не ішіп жүрміз деген сұрақты қаперінен шығармау. Өйткені, сол ішкен суымыздың 80 пайызы өз ағзамызда қалады және тәнімізді құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Даленов Е.Д., Пятов Е.А., Рахимжанова М.Т., Абдулдаева А.А., Кулушпаева Ж.А. Мектеп жасындағы және балаларды емдеу – профилактикалық ұйымдарда, балалар мен мектепке дейінгі жасөспірімдерді физиологиялық толыққұнды ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Астана – 2010. 35 – 42 бет.

2. ПП РК №551 от 09.06.2008г. Об утверждении ТР «Требования к безопасности питьевой воды, расфасованной в емкости».

3. СТ РК 1432-2005 «Воды питьевые, расфасованные в емкости, включая природные, минеральные и питьевые столовые».

4. ГОСТ 32220-2013 «Питьевая вода, расфасованная в ёмкость».

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУ ТУРАЛЫ

Беркінғали Амангул Қайратқызы

«Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі»

мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52

Бұл мақалада қоршаған ортаны қорғау түсінігін жан-жақты талқылап, жасыл экономикаға көшу яғни табиғи ресурстарды тиімді пайдалану,таза технологияға көшу мәселесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: Қоршаған орта,жасыл экономика,таза технология, Қызыл кітап,табиғатты жақсарту, «Жасыл құрылыс», «болашақ энергиясы», Экологиялық тәрбие.

ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА И ПЕРЕХОД К ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ

Беркинғали Амангуль Кайратовна

Магистрант по специальности

«Безопасность жизни и защита окружающей среды»

Казахско-Русский Международный Университет,г. Актобе,ул.Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются понятия как окружающая среда, рациональное использование природных ресурсов переходя к зеленой экономике используя чистую экологическую технологию.

Ключевые слова: Окружающая среда,зеленая экономика, чистая технология, Красная Книга,улучшение природы, «Зеленая строительство», «энергия будущего», экологическая воспитание.

THE ENVIRONMENT AND TRANSITION TO A GREEN ECONOMY

Berkingali Amangul Kairatovna

Master's Degree student of speciality «Safety of life and protection of the environment»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st.Aiteke bi, 52

This article discusses the conceptual basis of the concept of environmental education, ecological culture and rational use of natural resources.

Key words: ecology, reading, education, competence, earth, nature, multilingualism.

Қоршаған орта – ол біздің айналамыздағы заттар және адамдардың өмірі мен қоғамның дамуына жалпы әсер етеді. Сондықтан адамдар, прогресс, даму және қоршаған орта өзара тығыз байланыста.

Қоршаған орта қауіп төндіруі де мүмкін. Ластанған ауа, су арқылы берілетін індет, ұйты химиялық заттар және табиғи апаттар - қоршаған ортаның адамзатқа әкелер қаупінің бір бөлігі ғана.

Бүгінгі экология жағдайы және қоршаған ортаның ластануы қазіргі адамзат қоғамына таза теңіз суы, орманның таза ауасы және бұлақтың мөлдір суымен рақаттануға мүмкіндік бермейді. Атом электр станцияларының жарылыстары, бензинді көп пайдалану, фабрикалар мен зауыттардың ағынды сулары, пайдаланылған газ түтіні, орман алабын шабу арқылы адамдар табиғатты өзгертті.

Біз ғаламшарымызды бұрынғыдай таза ауасы, құнарлы топырағы және «тірі» суымен мақтан тұта алмаймыз. Автомобильдердің, фабрикалар мен зауыттардың көптігімен әр қала бір-біріне ұқсас.

Индустриалдық қызмет жанама өнімдерді өндіре отырып, ғаламшардағы бар тіршілікті жояды. Қарапайым нормаларды сақтамау, көптеген ұсақ бұзушылықтар мен немқұрайлылық салдары қышқылды жаңбырлар, ғаламдық жылыну, озон қабатының жұқаруы сияқты проблемаларға алып келеді.

Бұл келеңсіздік және оған байланысты барлық процестер өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфераға ластаушы заттарды көптеп шығаруынан пайда болған. Өсімдікке зәру қалалар түтіннен тұншығуда. Автомобиль көлігінің дизельдік және бензиндік қозғалтқыштары ауаны күн сайын ластауда.

Кең орман алаптары - «жеңіл планеталар» өнеркәсіптің дамуы үшін аяусыз жойылуда. Оттегі балансы тек бір ғана елде емес, бүкіл ғаламшарда бұзылуда.

Көптеген жануарлар мен құстар, өсімдіктер Қызыл кітапқа енгізілген, ал қалғандары жойылу үстінде, себебі жануарлар әлемі адамзат үшін тек тамақтану көзі ғана емес, сондай-ақ ашкөздік пен көңіл көтеру өніміне айналды.

Өзендер мен көлдердің алқаптары шөл, сортаң, сасық шалшыққа айналуда. Құстар бұрынғыдай азыққа бай өзендер мен көлдердің жағасынан пана таба алмайды. Мұнай өнімдерінің жайылуы салдарынан балықтар қоры азаюда немесе жойылуда.

Балықтардың бір кездегі бай қауымдалысын қазіргі уақытта тек океанариумдардан көруге болады. Жақын жерде орналасқан кез-келген су қоймасынан ластану көрінісін және адам баласының қоршаған орта мен экологияға деген жауапкершіліксіз қарауын байқай аламыз.

Жоғарыда аталған фактілер индустриалдық прогрестің экология мен қоршаған ортаның ластануына қалай әсер ететінін көрсетеді. Қоршаған ортаның қазіргі жағдайы заң мен табиғатты қорғау нормативтері жүйесінің көмегі арқылы қорғауды қажет етеді. Қоршаған орта мен экологияны қорғау адамзаттың қоршаған ортаны жою және бұзу әсерін шектеуі тиіс.

Көптеген елдер және қазіргі замандағы қоғам қоршаған ортаны сақтап қалуды қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар қабылдады. Заттар мен зиянды газдарды гидросфера мен атмосфераға шығаруға қатаң шектеу енгізілді. Арнайы бірегей қорықтар, ұлттық парктер, кіші қорықтар құру ұйымдастырылуда және қаржыландыруда. Балық аулау бойынша шектеу шаралары енгізілуде, сондай-ақ аң аулау маусымы және мөлшері қысқартылуда. Өндіріс қалдықтары мен қоқыстары проблемасы қайта өңдеудің заманауи тәсілдері мен технологияларын пайдалану арқылы шешілуде.

Қоршаған орта және экология проблемалары заңнамалық, ұйымдастырушылық, санитарлық-гигиеналық, инженерлік-техникалық және өзге де іс-шараларды қолдану арқылы әлемдік деңгейде шешілуі тиіс екендігі сөзсіз. Алайда, қазірден бастап өз үйіміз, ауданымыз, қаламыз шеңберінде өз үйіміз, яғни Жерімізге ұқыпты қарауды бастауға болады.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау кез келген мемлекеттің негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Біздің жас астанамыздың халқы үшін де бұл проблеманың маңызы зор. Астана қаласының «жасыл белдеуін» құру және сақтау жөніндегі жоба Астанамыздың болашағы үшін қызықты да пайдалы және елеулі жұмыстардың бірі болып есептеледі.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтарды жыл сайын ағаш отырғызу арқылы өз елді мекендерін көгалдандыруға, ормандарды қолдау проблемасына көңіл бөлуге шақырды. «Өз елімізде көбірек орман отырғызу, табиғатты жақсарту, ғаламшарға көмектесу және болашақ ұрпаққа әсем қала қалдыруымыз қажет екендігін барлығы түсінуі тиіс».

Қазақстан аумағы 3 миллионға жуық шаршы шақырымды құрайды, онда далалық аймақ өте көп, ал орманды алқабы бар болғаны 8-10 пайыз. Егер біз жыл сайын барлық облысты жасылдандырумен айналысатын болсақ, онда Қазақстанды жасыл елге айналдырамыз. Бұл адам денсаулығына пайдалы, тыныс алуға жеңіл, табиғат үшін – береке-

байлық, туған жердің көркі. Сондықтан біз игілікті жұмыс жасап жатырмыз. Әр облыс, қала, аудан адамдарды, әсіресе жастарды ағаш отырғызып, оны күтіп-баптауға жұмылдыру жайын ойластыруға тиіс. Сонда Отанымыз бұдан да әдемірек және тартымды бола түседі, ал болашақ ұрпақ бізге разы болады, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде Астана маңында алаңы 70 мыңнан астам гектар жерде орман жайқалып тұр. Бұл үш, төрт ауданның аумағы болып саналады. Еліміздің барлық аймақтарында «Жасыл ел» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан жастары 50 мың гектардан аса орман отырғызуда. Мемлекет басшысы Астананың «жасыл белдеуін» Бурабайдың орманды аймағымен қосу туралы міндет қойған.

Астананың өзінде жаңа саябақтар мен гүлзарлар құрылды, ал көгалды алаңдар көлемі миллиондаған шаршы метрге жетіп отыр. Бұл жұмыс жалғасуда. 2020 жылға дейін жалпы алғанда қаланың ішкі және шеткі аумақтарында тағы да 100 мың гектар орман алқабын құру міндеті қойылып отыр.

Қазақстанның «жасыл құрылыс» жөніндегі өзіндік тәжірибесі жинақталып, «Жасыл көпір» жаһандық идеясы аясында үлгілі модель ретінде ұсынылып отыр. Бұл бағдарламаны, сондай-ақ жаһандық энергоэкологиялық стратегия жөніндегі қазақстандық бастамашылықты 2012 жылы Рио-де-Жанейрода өткен бүкіл әлемдік саммитке қатысушылар қолдады, ал 2012 жылғы 22 қарашада өткен Халықаралық көрме бюросына мүше елдер өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын болып таңдалды.

«БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» тақырыбына халықаралық көрме өткізу біздің тіршілігіміздегі басты мағынаға ие болатын және біздің өміріміздің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын мәселе туралы ойлануға мәжбүр етеді. Бұл мәселе көліктерімізді энергиямен жабдықтауда, үйлерімізді жылытуда және қалаларымызды жарықтандыруда пайдаланатын азды-көпті дәстүрлі қуат көздерінің үдемелі ескіруі, толығу мүмкіншілігінің жоқтығы және оларды пайдаланудың біздің планетамызға, денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге күрделі әсер етуі сенімсіздік пен қамқөңілдік тудыратын кезеңде әсіресе өзекті болып табылады.

Астана ЭКСПО 2017 көрмесі бізге біздің денсаулығымыз бен қоршаған орта қауіпсіздігін қамтумен қатар экономикалық және әлеуметтік дамуды тездетуге қатысты адамзат алдындағы міндеттер мен мәселелерді ескере отырып, қуат тасымалдаушыларына жалпы, жаһандық көзқараспен қарауға көмектеседі. Осы міндеттер мен мәселелердің сәтті шешімін табу көптеген факторларға, соның ішінде біздің әрқайсымыздың жеке қатысуымызға да байланысты болмақ.

«Астана ЭКСПО-2017» халықаралық арнайы көрмесі экономиканы «жасыл» жаңғырту процесі үшін қосымша ынта туғызады. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның стратегиялық мақсаты болып табылатын - әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге мүмкіндік береді.

«Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы 2013 жылғы қыркүйекте қабылданғаны бәрімізге мәлім. Қазақстан «жасыл экономикаға» көшу мемлекеттік стратегиясын әзірлей бастады, бұл табиғатқа ресурс ретінде емес, капитал ретінде қарау мүмкіндігін туғызады. Баламалы энергия көздерін, «жасыл» көлік түрлерін, экотуризмді және т.б. дамыту осы тұжырымдаманың жетістігі болып табылады. Эколог-сарапшылардың бағалауы бойынша қазіргі сәтте біз экологиялық апат жағдайында тұрмыз, сондықтан «жасыл экономика» мен оның принциптері өмірлік қажеттілік болып саналады.

«Жасыл экономика» қолжетімді: бұл адамға пайдалы тамақ, таза ауа және энергия беретін қарапайым, таза технология. Бұдан басқа «жасыл экономика» экономикалық өсуге, әлеуметтік интеграциялауға, сондай-ақ жұмыс орындарын құру арқылы кедейшілікті жоюға мүмкіндік береді.

«Жасыл экономикаға» көшудің әлеуметтік аспектісі Қазақстан экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік беретін бес өнеркәсіптік кластерде жаңа жұмыс орындарын құруды көрсетеді.

«Жасыл» құрылыс нәтижесінде 2030 жылы қазіргі Қазақстан тұрғын үй қорына тең келетін, тұрғын алаңдар енгізу жоспарлануда. Сонымен қатар, ұлттық кәсіпорындардың құрылыс материалдарын өндіруін 50 пайызға арттыру болжануда, бұл 150 мыңға дейін жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жоғары техникалық өңдеу тәсілдерін енгізумен (2030 жылға 8 мыңға дейін жаңа жұмыс орны), Қазақстанда түрлі қалдықтар түрлерін жинау және қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындар құру жоспарлануда.

Сарапшылардың пікірі бойынша «жасыл» экономикаға көшудің басты талабы – «жасыл» мемлекеттік сатып алу, яғни мемлекеттік сатып алудың жалпы санынан кемінде 50 пайыз сатып алу болып табылады, экологиялық таза қоғамдық көлікке - табиғи газ пайдаланатын автобустарға, троллейбус жолағын бөле отырып, жеңіл рельсті көлікке және велосипедтерге көшу.

2014 жылы Астанада «Астана Віке» велосипед бекетінің желісі өз жұмысын бастады. Бұл бір-бірінен 300-500 метр қашықтықта орналасқан, соңғы озық техникамен жабдықталған велосипедті жалға беретін бекет. Велосипедтерде электр энергиясының көзі ретінде күн батареялары қолданылады. Олар төзімді шиналармен, GPS жүйелерімен және басқа да жаңаша құралдармен жабдықталған. 2017 жылға дейін 1000 велосипедке арналған 100 бекет іске қосылмақ.

Қоғамдық көлік және велосипед бекеттері санының артуы есебінен кептеліс және түтін мәселесін шешуге болады, жеке меншік автокөліктерінің көптігі атмосфераның ластануының негізгі көзі болып табылады. Бүгінгі күні қалада сегіз жүз мыңнан аса машина бар. Олардың көбісі қазіргі стандарттарға сәйкес келмейтін немесе сапасыз жанармаймен жүреді.

Біздің экология антропогендік деңгейде ғана зиян шекпейді. Сондай-ақ ластануға айтарлықтай себебін тигізетін ол - адам! Еліміздің болашағы және біздің болашағымыз қоршаған ортаға байланысты. Балалар алаңдарда ойнағанда, көбінесе шашылып жатқан темекі тұқылын, бос бөтелкелерді, шемішке қабықтары мен басқа да түрлі қоқыстарды көреді.

Қазіргі уақытта қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі проблемаларын тиімді шеше алатын, экологиялық сауатты, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндетін алға қоятын үздіксіз экологиялық білім жүйесін әзірлеу және енгізу Қазақстан Республикасы дамуының басымды бағыттарының бірі болып табылады.

Экологиялық тәрбиелеуде балалардың орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде, алдымен адамгершілік тәрбиесі немесе адамның оны қоршаған табиғат әлеміне қатынасы негізінде адамгершілік сезімі болуы тиіс, яғни өмірдің кез келген сәтіндегі құндылықтарды сезіне білу, қорғауға ұмтылу және табиғатты сақтау.

Табиғатпен қарым-қатынаста балалардың өте мықты тарап ретінде орны бар екендігін балаларға атап өткен жөн, сондықтан олар табиғатты қорғауы, сақтауы, қамқор болуы тиіс, яғни басқа адамдардың, құрдастарының және үлкендердің іс-әрекеттерін байқап, оларға тиісті адамгершілік баға беру, адамгершілікке қарсы және адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге өз күштерінің және мүмкіндіктерінің шамасына қарай қарсы тұруы тиіс.

Тәрбиешілер мен ата-аналардың міндеті – біз барлығымыз және әрқайсысымыз Жер анаға жауаптымыз, әрқайсысымыз оның сұлулығын сақтап, көркейте алатындығымызды балаларға түсіндіруіміз қажет.

Өзіңді және өз болашағыңды қорға!

Өзіңнен баста және көбісі сен бастаған жолға түседі!

Біздің ата-бабамыз бізге Жер ғаламшарында ең керемет орын сыйлады, бұл шексіз дала, алтындай шөл, биік таулар, жасыл орман, терең көл, саналмаған пайдалы қазбалар саны, баға жетпес асыл қазыналардың бәрі -Қазақстан Республикасы деп аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция перехода РК к устойчивому развитию на 2007-2024года. Одобрено Указом Президента Республики Казахстан от 14 ноября 2006 – 15-16 с
2. Егемен Қазақстан «Болашақ энергиясы» № 39 (28263) 26- ақпан 2014 – 6 б
3. Болотов А.В. «Нетрадиционные и возобновляемые источники электроэнергии» Учебное пособие. АУЭС. Алматы, 2011-79 с
4. Мукажанов В. Н. «Возобновляемые источники энергии» Учебное пособие. АУЭС. Алматы, 2010-80 с.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ СТРЕСС

Еркебулан Адилет Ерланұлы

